



БҰЙРЫҚ.

ПРИКАЗ

10.12.2025

Ақтөбе қаласы

№

640

город Актөбе

«Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу»
пилоттық жобасын енгізу туралы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 15 тамыздағы мұғалімдердің республикалық тамыз конференциясының қорытындысы бойынша еңбекқорлық идеясын іске асыруға баса назар аудара отырып, білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын жандандыру бойынша берген хаттамалық тапсырманың 1.5-тармағын орындау мақсатында және ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 24.11.2025 жылғы №265 бұйрығына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасы 2026 жылы Ақтөбе қаласындағы №49 «Думан», «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшаларында, №33 «Нұрсәт» балабақшасында, «Айлин» МДҰ-да және Хромтау ауданындағы №5 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасында іске асырылсын.

2. Мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөліміне:

2.1. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасын алгоритмге сәйкес жүргізілуі қадағалансын;

3. Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы директорына (Д.Ұзақбаевна):

3.1. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасы тандалған бағыттарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға пәндік-дамыту ортасын ұйымдастыруға әдістемелік көмек көрсетілсін;

3.2. Пилоттық жобаны іске асыру барысында үздік педагогикалық тәжірибелерді айқындап, оларды тарату бойынша ұсыныстар әзірлеу, нәтижелердің салыстырмалы мониторингін жүргізу мақсатында бақылау және эксперименттік топтар ұйымдастырылсын;

3.3. Пилоттық жобаны іске асыру мониторингі жүргізілсін және оның қорытындысы туралы тоқсан сайын басқармаға есеп берілсін;

003655

3.4. 2026 жылғы 26 қарашаға дейінгі мерзімде Пилоттық жобаны іске асыру қорытындысы бойынша талдамалық есеп әзірлесін.

4. Ақтөбе қаласы (М.Қосымбаева) және Хромтау ауданы (Ш.Отаров) білім бөлімдерінің басшыларына:

4.1. Пилоттық жобасы жұмысын талапқа сай жүргізу үшін шаралар қабылдансын;

4.2. Жобаға қатысатын мектепке дейінгі ұйымдарда ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулуға жағдай жасалсын;

4.3. Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығына тоқсан сайын есеп бере отырып, Пилоттық жобаның іске асырылу мониторингін қамтамасыз етсін;

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысы орынбасары Н.Бертлеуоваға жүктелсін.

Басқарма басшысы



Б.Күзембаева



**«Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасын
іске асыру үшін 100 мектепке дейінгі ұйымның тізбесі**

№	Мектепке дейінгі ұйымның атауы
Абай облысы	
1.	«№1 бөбекжай-бақша» КМҚК
2.	№8 «Балбөбек бөбекжай-бақшасы» КМҚК
3.	№12 «Ажар» бөбекжай-бақшасы» КМҚК
4.	«Өрлеу» бөбекжай-бақшасы» ЖШС
5.	«Алтын бесік» бөбекжай-бақшасы» ЖШС
Ақмола облысы	
6.	«Алтын бесік» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
7.	«Алтын дән» балабақшасы» МКҚК
8.	«Нұр бала» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
9.	«Амина-2011» балабақшасы» ЖШС
10.	«Лашын» балабақшасы «Дос и Ка» ЖШС
Ақтөбе облысы	
11.	№49 «Думан» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
12.	№ 33 «Нұрсәт» балабақшасы» МКҚК
13.	№5 «Ақбота» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
14.	«NURSULTAN 7777» бөбекжай-бақшасы» ЖШС ✓
15.	«Айлин» балабақшасы» ЖШС
Алматы облысы	
16.	«Келешек» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
17.	«Әдемі» санаторлық топтарымен бөбекжай-бақшасы» МКҚК
18.	«Ақдидар» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК
19.	«Жақсылық» бөбекжай-бақшасы «Саймасай» ЖШС
20.	«Еркем-Ай Алматы» Балаларды оқыту мен тәрбиелеу орталығы» ЖШС
Атырау облысы	
21.	№29 «Нұрсая» бөбекжай-бақшасы» КМҚК
22.	№39 «Ақкөгершін» бөбекжай-бақшасы» КМҚК
23.	«Мирас» жекеменшік балабақшасы

